

Қаратал ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Жетісу облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2024 жылғы 16 ақпандағы № 18 -68 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 19 ақпанда № 141-19 болып тіркелді. Күші жойылды - Жетісу облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2026 жылғы 21 қаңтардағы № 55-150 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облысы Қаратал аудандық мәслихатының 21.01.2026 № 55-150 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 2-тармағымен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Қаратал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қаратал ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшері 4 % (төрт пайыздан) 2 % (екі пайызға) дейін төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

М. Акимжанов